



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру  
станцияларының қызметі туралы есеп*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті.

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Төлеш Мухамеджан Қызырұлы.

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гулмира Сайлаубекқызы.

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

m.tolesh@aspire.gov.kz.

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік Ел 8 көшесі,  
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс, e-mail: m.tolesh@aspire.gov.kz.

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-93-36, 74-97-80.

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасында автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының көрсеткіштерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №209 бұйрығымен бекітілген "Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесіне" сәйкес деректер жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде) қалыптастырылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

08.06.2021

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

08.06.2021

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

08.06.2021

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларында мұнай өнімдерін бөлшек саудада сату.

### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

1)ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

2)ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

3)МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

4)КМЖ - Заңды тұлғалардың, өлшемділігі жіктеуіші;

Аталған жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы басты бетте «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызметтің негізгі және (немесе) қосалқы түрімен (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 47.30.1, 47.30.3-кодтарына сәйкес) автожанармай құю, автогаз құю, автогаз толтыру компрессорлық станцияларын пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері мен дара кәсіпкерлер (меншік иелері, жалға алушылар) ұсынады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1)Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасында автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының көрсеткіштерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №209 бұйрығымен бекітілген "Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесіне" сәйкес деректер жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде) қалыптастырылады.

2)Респонденттер тобы: Экономикалық қызметтің негізгі және (немесе) қосалқы түрімен (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 47.30.1, 47.30.3- кодтарына сәйкес) автожанармай құю, автогаз құю, автогаз толтыру компрессорлық станцияларын пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері мен дара кәсіпкерлер (меншік иелері, жалға алушылар) ұсынады

3)Құралдар: «Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы есеп» (индексі - G003 кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

4)Байқау типі: жаппай

5)Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 31 наурызға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2021 жылғы статистикалық нысандар - жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

Негізгі көрсеткіштер:

1)автожанармай құю станциясы (АҚС) – көлік құралдарына жанармай құю үшін мұнай өнімдерін өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен қамтылған технологиялық кешен;

2)автогаз құю станциясы (АГҚС) – сұйытылған мұнай газын сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдары иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

3)автогаз толтыру компрессорлық станциясы (АГТКС) – тауарлық газды сұйытуға, сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдарының иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

#### S.4.5 Статистикалық объект

Автожанармай құю, Автогаз құю және Автогаз толтыру компрессорлық станциясы.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау типі : бірыңғай, экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуіштері 47.30.1, 47.30.3 - кодтарына сәйкес.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Деректер 2002 жылдан бастап жылдық негізде қалыптасады. Барлық жылдар бойынша 2002-2020 жылдарға уақытша қатарлар бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылына келетін жыл базалық кезең болып табылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

жыл

## S.7 Құқықтық негіз

### S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

4.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

5.«Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығы.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2.2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды және мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы қамтамасыз етеді.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты. Ресми статистика > Салалар бойынша > Ішкі сауда статистикасы > Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетеньдер, негізгі көрсеткіштер, серпінділік кестелері).

## S.10 Тарату жиілігі

жыл

## S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды.

### S.11.2 Жарияланымдар

1)"Қазақстан Республикасындағы автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы" статистикалық бюллетені, ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика - Ішкі сауда статистикасы - Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;

2)"Бөлшек және көтерме сауда" статистикалық жинағы ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика - Жарияланымдар - Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған;

3)Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика - Салалар бойынша - Ішкі сауда статистикасы - Негізгі көрсеткіштер бөлімінде орналастырылған.

### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйесі - Ішкі сауда статистикасы - Ішкі сауда.

#### S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Микродеректерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында орналасқан) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

#### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1)Ішкі сауда статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет- ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған;

2)"Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" толықтырылған төртінші басылым. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет - ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2.ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3.Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

### S.13 Сапаны басқару



### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың стандартты статистикалық жіктемесін пайдалану;
- алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
- динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;
- электрондық форматта алғашқы деректерді енгізу деңгейіне анықтығын тексеруді, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеруді айқындау.

### S.13.2 Сапаны бағалау

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Статистика комитеті әзірлеген 2008 жылғы «Бөлшек және көтерме сауда статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдармен» және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық Статистика комитеті (ТМД Статкомитеті) 2011 жылы әзірлеген «Бөлшек сауда айналымын статистикалық байқау және оның нақты көлем индекcін есептеу жөніндегі әдіснамалық ұсынымдармен» сәйкестендірілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығымен бекітілген «Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістемесі».

### S.14 Өзектілік

#### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

#### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

#### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды.

### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

#### S.15.1 Жалпы дәлдік

Дәлдік пен сенімділікті талдау вариация коэффициентін қолдана отырып соңғы бес жыл бойынша есептелген. Вариация коэффициенті - кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының оның математикалық күтуіне қатынасына тең, статистикада қолданылатын шама. Ол әр түрлі арифметикалық ортамен бірнеше жиынтықты бірдей белгінің өзгергіштігін салыстыру үшін қолданылады.

Вариация коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$CV = (\sigma/k) * 100\%,$$

мұндағы  $\sigma$ -кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы;

$k$ -кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада бұл:

- егер вариация коэффициенті 10%-дан аз болса, онда деректердің шашыраңқылығы дәрежесі маңызды емес болып саналады;

- егер 10% - дан 20% - ға дейін - орташа;

- 20% - дан көп немесе 33% - ға тең - маңызды.

Егер вариация коэффициентінің мәні 33% – дан аспаса, онда жиынтық біртекті, ал егер 33% - дан көп болса, онда біртекті емес болып саналады.

\*Бір тұрғынға жанармай сатуды есептеу кезінде 16-62 жас аралығындағы халық саны пайдаланылды.

2016-2020 жылдар аралығындағы талдау көрсеткендей, деректер біртекті болды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

"Қазақстан Республикасындағы автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы" бюллетеньде алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейін маусым айында жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде бекітілген және жарияланған. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). сайты Ресми статистика > Ішкі сауда статистикасы > Бюллетендер.

## S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер соңғы болып табылады.

## S.16.2 Ұқыптылық

### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. 2021 жылдың Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2020 жылға зерттеулердің нәтижесі бойынша бюллетень ағымдағы жылдың 7 маусымында жарияланды.

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында салыстырмалы.

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2002 жылдан бастап уақытша қатарлардың салыстырмалылығы бар.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Статистика комитеті әзірлеген 2008 жылғы «Бөлшек және көтерме сауда статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдармен» және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық Статистика комитеті (ТМД Статкомитеті) 2011 жылы әзірлеген «Бөлшек сауда айналымын статистикалық байқау және оның нақты көлем индексін есептеу жөніндегі әдіснамалық ұсынымдармен» сәйкестендірілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығымен бекітілген «Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістемесі».

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Диаграммада көрсетілгендей, карантиндік шаралар мен шектеулер режимінің енгізілуіне байланысты 2020 жылы төмендеу болды.

## S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Онлайн-режимде деректерді жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін

автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер тек респонденттерді қамтуды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

2020 жылы есеп берген респонденттер саны 2585 бірлікті құрады.

#### S.20 Деректерді қайта қарау

##### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2021 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған. 2020 жылы ресми статистикалық деректерде қайта жариялау болған жоқ.

#### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

##### S.21.1 Бастапқы деректер

Қызметтің негізгі немесе (және) қосалқы түрімен (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 47.30.1-47.30.3 кодтарына сәйкес) автожанармай құю, автогаз құю, автогаз толтыру компрессорлық станцияларын пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық пен оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер (меншік иелері, жалға алушылар) ұсынады.

##### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

##### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

G003 (Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы есеп) нысаны бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді online режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

##### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімдеріне деректерді агрегаттау және редакциялау кіреді.

- 1)сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;
- 2)респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен нысанның әрбір бөлімінің ішінде енгізу қателерін жоюға мүмкіндік беретін логикалық бақылау жүйесі құрылады.

#### S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

#### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету статистикалық байқауды жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

##### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

#### S.22 Ескерту

Деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.